

Г.У. Ахметшина, М.А. Алпысбес

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: guldena_82@mail.ru)*

Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорларының сандық сипаттамаға көшуі

Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорларының сандық сипаттамаға көшуі қазіргі таңдағы мұрағат мекемелерін модернизациялау ісін жүзеге асырудағы өзекті бастамалардың бірі болып табылады. Ұлттық архив қорларын сандық сипаттамаға көшіру кешелі-бүгін ғана туындаған мәселе емес. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен елімізде 2004 жылы «Электронды Үкімет» бағдарламасын іске асыру басталған мезеттен бастап, электрондық архивтер жүйесін ұйымдастыру жұмыстары да жүзеге асырылып келеді. Мақалада авторлар Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорларының сандық сипаттамаға көшуі барысын жан-жақты сипаттап, электрондық архив жүйесінің құрылуының маңыздылығына тоқталған. Бұл орайда, «Цифрлы Қазақстан» жобасының халыққа қызмет көрсету үдерісін дамытуға бағытталған жұмыстарына жан-жақты талдау жасалынған. Архивтер қорында сақтаулы тұрғандардың сандық сипаттамаға көшуі, жаңа технологияларды қолдану архив жұмысының барысына жаңа серпін беретініне күмән келтірмейді.

Кілт сөздер: ұлттық архив, сандық сипаттама, электронды үкімет, цифрлы Қазақстан, архив қорлары.

Кіріспе

Тәуелсіз еліміз ХХІ ғасырға аяқ басқан шағында, әлемнің озық елдерінің қатарына кіруді мақсат етіп қойған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев жалпы ғаламдық жаһандану өзгерістерін ескере отырып, ақпараттық кеңістікті дамытудың стратегиялық міндетін алға тартты. 1997 жылы жасалған «Қазақстан – 2030» Жолдауында: «ең алдымен келешекте әлемнің дамыған елдерінің инфрақұрылымымен бәсекелес бола алатын тәуелсіз телекоммуникациялық қызметтер жүйесін құру қажеттілігі» — жайлы айтылды [1]. 1997 жылы осы мақсатқа жетуге бағытталған «Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру» туралы Президент Жарлығы шықты [2; 47].

Бүгінгі күні мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті архивтік құжаттарды электрондық нысанға аударуды тұрақты негізде қамтамасыз етуге міндетті. Халыққа қызмет көрсету үдерісін жедел дамытуға бағытталған «Цифрлы Қазақстан» жобасын атап өту қажет. Осы бағдарламамен мемлекеттік органдардың қызметтерін цифрландыру бойынша үлкен мақсат қойылды. Ақпараттандырудың алдыңғы кезеңінде мемлекеттік қызметтерді көрсетуге тікелей немесе жанама түрде араласатын мемлекеттік органдардың базалық инфрақұрылымы мен ақпараттық жүйелері түрінде Қазақстан Республикасының «Электрондық Үкіметі» құрылды.

Архив құжаттарын электрондық нысан үлгісіне аудару «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторы жүзеге асырады. Кез-келген қазақстандық осы жүйе көмегімен жүздеген операцияны компьютер алдында отырып-ақ жүргізе алады. Сәйкесінше, архив мекемелерінің қызмет түрлерін пайдалану мүмкіндігі арта түседі, оның айналым мүмкіндігі жеделдетіледі. Ізденіс мақсаты: мақалада авторлар Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорларының сандық сипаттамаға көшу барысын жан-жақты зерттеп, зерделеуді мақсат етіп қояды.

Мәселенің қысқаша тарихы

«Электронды архив» жобасы ҚР Тұңғыш Президентінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 464 жарлығымен бекітілген «Ақпаратты Қазақстан – 2020» және 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауындағы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесін архив қорлары бойынша тізімдемелер мен істердің электрондық нұсқасы жасалуда, сонымен қатар электронды архив жобасы — архивте құжаттарды электронды түрде сақтауға мүмкіндік беретін және құжаттарды іздеу барысында уақыт үнемдейтін бағдарламалық жүйе болып табылады.

Бүгінгі таңда электронды архив архивте қалыптасуда, яғни материалдық техникалық базасы сатып алынууда. Келесі кезеңінде бағдарламаны орнату түр. Электронды архив бірнеше күрделі мәселелерді шешеді, атап айтсақ: ыңғайлы және аз уақытта құжаттарды іздеу, сақтау орындарын үнемдеу, құжаттарды қайтарымсыз жойылудан сақтау, ұзақ мерзімде электронды құжаттарды пайдалану, электронды құжатты бір мезгілде бірнеше сұранысқа пайдалану.

«Ақпараттандыру ғасырында» Елбасы қойған міндетті жүзеге асыру үшін ел архивтерінің де алдында еліміздің Бірыңғай ақпараттық кеңістігінің құраушы бөлігі болу міндеті тұрды. Қазақстандағы архив ісін модернизациялаудың міндеті — Ұлттық архив қорын құрайтын электронды құжаттармен, архивтермен толыққанды жұмыс жүргізу болды. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2004 жылы 10-қарашадағы Жарлығымен бекітілген 2005–2007 жылдарға арналған «Электронды Үкімет» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде электрондық архивтер жүйесін енгізу жұмыстары басталды.

Қазақстан архивтерінде, сондай-ақ басқа елдерде электронды құжаттар мәселесі қазіргі таңда өте өзекті. Келешекте ұрпақ компьютерлер мен коммуникациялық ақпаратты желілерді жедел әрі ерекше ұтымды пайдалана алатын болады. Заманауи технология заманында қағазсыз құжат ақпаратымен алмасу мүмкіндігі пайда болды. Бұл істі жүргізуде, архивтерде сақтауға қажет құжаттаманың жаңа үлгісі енгізілетіндігінің айғағы. Архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс жасаудың нормативтік-әдістемелік іргелі негіздерін жасау қажеттілігін уақыт көрсетті. Алайда, электронды құжаттарды реттеуде заңнама базасының жетімсіз тұстары байқалады. Ол — қоғам мен мемлекет өмірінің барлық саласында электрондық құжаттарды кешенді қолдануды қиындатады және қағаз құжаттары алдында басымдығын толық пайдалануға мүмкіндік бермейді.

«Электрондық құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7-қаңтарда қабылдаған Заңын түзету арқылы электрондық құжат айналымы және электронды архивтер мәселесі бойынша уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың құзыретін кеңейту қарастырылған. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңын жеке және заңды тұлғалардан сұрау салуларын орындауды тәртіпке келтіру мен бақылауға, сонымен қатар жасырын өтініштердің санын қысқартуға мүмкіндік беретін жеке тұлғалармен жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалармен бизнес сәйкестендіру нөмірін міндетті көрсету нормасымен толықтыру көзделген.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңында банкроттық басқарушылармен архивтік құжаттарды тәртіпке келтіру мен ұйымдастыру бойынша міндеттемелерді бекітуге қатысты өзгеріс енгізілген. Қазіргі уақытта архивтерде және ведомствалық архивтерде ақпараттық технологияларды енгізу әлі де қанағаттанарлық дәрежеде емес. Бұл ағымдағы қызметте электронды іс жүргізу және құжат айналымы жүйесін енгізу мен пайдалану, сондай-ақ архив қызметінің негізгі түрлерін ақпараттандыру проблемаларына байланысты. Архив ісі бойынша Заң жобасына өзгерістер енгізу және қабылдау архив саласындағы ақпараттық кеңістікте мемлекеттік архивтердің интеграциялануына үлкен өзгеріс береді. Архив саласы ақпараттық өнімді және технологияны енгізуге, қоғам мен мемлекет мүдделерінде азаматтардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруына мүмкіндік береді.

Басты мақсат — заманауи талаптарға сай ақпараттық өркендеу ісіне жауап беретін Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын көшіру болып табылады. Мемлекеттік архивтер қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін құжаттарды тұрақты түрде сақтауға міндетті. Заң жобасын қабылдаған кезде мемлекеттік архивтер:

1. Мемлекеттік архивтер жұмысының автоматтандыру процесін жетілдіру;
2. Ақпараттық жүйелерді интеграциялау жолымен ретроспективтік ақпараттарға пайдаланушылардың қашықтан қолжетімділігін қамтамасыз ету;
3. Модульділік және кіріккен аспаптық құралдардың болуы көмегімен электронды құжат айналымы жүйесінің базалық мүмкіндігін өсіру;
4. Мемлекеттік архивтердің материалдық техникалық жарақтандыруын жақсарту мүмкіндігін алады.

Жалпы алғанда, бұл заң жобасының сала дамуына зор үлес қосатыны шүбәсіз [3, 4–5].

XXI ғасыр «ақпараттандыру ғасырында», ақпаратты Қазақстан өрісті өркендеуде. Бүгінгі жаһандану заманында дүниежүзінің мемлекеттері цифрландыру технологияларын қарқынды пайдалануда. Тіпті, цифрлық революция заманында көптеген мемлекеттер жартылай байланысты детекторлар арқылы үйде отырып, астраномия саласын игеріп, жаңалықтар ашып жатқанының өзі таңғалмайтын

жағдайға айналуға. Цифрлық технология — адамзатқа ақпараттарды жылдам тарату, қажетті құжаттарға қолжетімділік мәселелерін шешетін жаңа құрал. Бүгінде бұл құрал елімізде халыққа қызмет көрсету саласында ерекше дамып келеді. Қазір бұл үрдіс архив саласында өзінің оң шешімін табуға.

Талқылау

Мәселенің маңызды сауалдары электронды архивтің негізгі міндетінен туындайды. Электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі құжаттарды сақтаудың құпиялығын және кіру құқығын шектеуді қамтамасыз етеді, сондай ақ құжатты пайдалану тарихын, іздеудің ыңғайлылығы мен жылдамдығын бақылайды. Архив ісі саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы» құжаттарды электрондық түрге айналдыруға, оған қолжетімділікті қамтамасыз етуге және электрондық архивті басқаруға мүмкіндік береді.

Электронды архивтің негізгі міндеті — еліміздің Ұлттық архив қорындағы құжаттарды жинақтау, тізімге алып жүйелеу, сақтау және пайдалану сынды архив қызметінің негізгі бағыттарын ақпараттандыру. Архивтер қоғамның рухани, мәдени, ғылыми, әлеуметтік-құқықтық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында елдің тарихи-мәдени құжаттық мұраларын сақтайды. Архив қызметінің негізгі бағыты — халықтың құжаттық негіздегі жадысы мен естелігін сақтау болып табылады. Бұл ел азаматтарына ретроспективті құжаттамалық ақпаратты оңтайлы түрде алуға мүмкіндік береді.

Бүгінде еліміздің Ұлттық архивіне мемлекеттік сақтауға құнды құжаттар қабылдануда, оларды цифрлық нысанға көшіру жұмыстары жүргізілуде. Аса құнды құжаттардың сақтау қорын құру үшін микрофильдеу технологиясы қолданылады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі — цифрлық экожүйені үдемелі дамыту арқылы қажет мәліметтерді электронды түрде пайдаланып, өмір сүру сапасын жеңілдету. Осы орайда архивтегі мәліметтерге қол жеткізу ісі де уақыт талабына бейімделіп келеді. Архив саласы бойынша, ортақ біріккен бағдарламамен қамтамасыз ету мәселесі бірінші кезекте тұруы тиіс. Бұл Бірыңғай Ақпараттық жүйені қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, архивтерде сақтаулы құжаттардың көшірмелері өнеркәсіптік сканер аппараттары арқылы жүргізілуі қажет. Оларды өңдеу, бір жүйеге келтіру ісі заманауи техникалық құралдармен мамандарды талап ететіндігін де ұмытпауымыз керек. Архив саласында цифрландыру мәселесі Қазақстан азаматтарының әлеуметтік-құқықтық талаптарын қамтамасыз етуде, ғылым саласында ақпараттарға қолжетімділікті арттыруда қажетті құбылыс.

ОМА директоры Д. Мұқатаев «Түркістан» халықаралық газетіне берген сұхбатында: «Білім мен ғылым саласына қарағанда, мәдениет саласында цифрлық жүйеде өзгешеліктер болуы мүмкін. Архив саласының ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарауы және архив ісінің өзіндік әртүрлі деңгейдегі құрылымы мен функцияларының болуына орай, цифрландыру процесі бір-екі жылдың көлемінде шешілетін мәселе емес. Мысалы, ҚР ОМА-ін алсақ, архивте сақтаулы бір жарым миллион құжат бірден цифрландырылады деу ойға қонымды емес. Қор құжаттары қазақ елінің әртүрлі даму кезеңдері тарихын қамтығандықтан және мазмұны, құрамы, пішіндері мен көлемдерінің алуан түрлі, сонымен қатар қолжазбаның немесе машинкалық және т.б. нұсқаларда болуының өзі цифрландыруға кедергі келтіретіні анық. Алайда, осындай қиындықтарға қарамастан, бұл үрдіс жалғасын табуға» [4].

2012 жылы 28-қыркүйекте Қызылорда қаласында «Ақпараттық Қазақстан – 2020: Электронды құжаттарды қалыптастырудың және сақтаудың өзекті мәселелері» атты республикалық кеңес өткізілді. Осы Кеңесте сөйлеген сөзінде сол уақытта ҚР Мәдениет және ақпарат министрі болған Дархан Мыңбай өз пікірінде былай дейді: «... Мемлекеттің, қоғамның, жеке адамның мұрағаттық мұраға, мәдени ескерткіштерге көзқарасы — бұл өркениетті қоғамның, оның мәдени деңгейінің көрсеткіші. Тек мәдениет арқылы ғана біз кім екенімізді, қайдан келгенімізді, қайда баратынымызды ұғынамыз.

Бүгінгі таңда мемлекеттік мұрағат мекемелерінің басшылары еліміздің мұрағатын өркендету, қорын толықтыру, оны сандық форматта сақтау, мұрағаттың халқымыздың тарихы мен мәдениетін, экономикасы мен әдебиетін дамыту, келер ұрпаққа қалдырар асыл қазына бай мұрасы екендігін насихаттаудың жолдары мен тәсілдері, атқарар жұмыстары жөнінде ақыл-кеңестеріңіз бен ұсыныстарыңызды ортаға салар деп үміт артамыз» [5; 15].

Қазақстанда мұрағат ісін дамытуда жағымды өзгерістер жүргізіліп жатыр. Мұрағат саласы жұмыс жасап тұр. Облыстық басқарма органдары бар. Мұрағат ісі және құжаттама саласының нормативтік-құқықтық базасы жасалды, заман талаптарына сай жетілдірілуде.

Ақпараттық технологияның өрісі кеңейген сайын, мұрағаттық ақпараттың да қолдану аясы да, пайдалану шеңбері де қажетінше кеңейе береді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті —

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақаласында қойылған тапсырмаға сай «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Осы жобаға біртұтас ақпараттық кеңістік жасау, зерттеушілердің Интернет арқылы мұрағаттық тарихи құжаттарға ауқымды түрде қол жеткізуі үшін электрондық мұрағаттың бірыңғай жүйесін құру және «Ұлттық электрондық құжаттар орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесін құру жөнінде үкіметке ұсыныс беріп отырмыз», — деп атап өтті Дархан Қамзабекұлы Қызылорда облысының мемлекеттік мұрағатына осы Сыр елінің перзенті, алғашқы саяси эмигрант, тәуелсіздік үшін талмай күрескен Мұстафа Шоқайдың Франциядағы мұрағатының цифрлық форматқа түсірілген құжаттарының көшірмесін тапсырғанда [6; 25].

Дүниежүзінде цифрландыру мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Алайда дамыған елдердің тізіміндегі АҚШ, Ресей мемлекеттерінің өзінде Бірыңғай Ақпараттық жүйенің қалыптаспағаны белгілі болуда, демек оларда тәжірибелік деңгейдегі іздену бағытында жұмыстар жүргізіліп отыр. Сондықтан, бұл іске біздің ел де қал-қадірінше кірісетіні анық. Цифрландырудың бастапқы деңгейі ретінде архивтік құжаттарды Қазақстанның заңнамаларына сай көшірмелеу, қағаз түріндегі құжаттарды сандық форматқа, электрондық түріне біртіндеп ауыстыру жұмыстарын жүргізу, осы бағытта құжаттарды тездетіп өңдеуде оларды құру, электрондық базаға енгізу, сонымен қатар сақтауды қамтамасыз ету жұмыстары атқарылу үстінде.

Осыған орай қазіргі таңда «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен «Бірыңғай электронды архив құжаттары» атты ақпараттық жүйесінің жобасы әзірленді. Бұл жобаның мақсаттары:

- Электронды құжаттарды пайдаланудағы және сақтаудағы бірыңғай бастарту жүйесін құру;
- Архив құжаттарының негізінде ақпаратты ұсыну бойынша процестерді жылдамдату (жұмыс, оқу орындарынан, мекен-жай анықтамалары және т.б.);
- Ұлттық архив қорының мазмұны мен құрамының толықтырылуын сақтауын қамтамасыз ету;
- Ұлттық білім базасының негізін қалаушы элемент құжаттарының бірыңғай базасын құру;
- Халықты Ұлттық архив қорының ресурстарына қолжетімді ету мүмкіндігін қамтамасыз ету [7; 338].

Архив саласында бүгінде сұраныс хаттар тікелей электронды жүйе бойынша орындалады. Бұл азаматтардың электрондық жүйені пайдалануға деген жеке талпынысын көрсетеді.

Қорытынды

Қазіргі уақытта архивтің ішкі жүйелік құрылымы мен оның құжаттарының мазмұны мен құрамын толықтай меңгерген цифрландыру процесін игере алатын ІТ мамандар жеткіліксіз. Сонымен қатар архив саласына цифрландыруды жүргізуге заманауи талаптарға сай техникалық жабдықтар қажет, ол үшін цифрландыруда мемлекеттік тұрғыда қаржыландыру мәселесі қолдау табуы тиіс. Бұл мәселелердің бәрі оң шешімін тапса, Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорларында сақтаулы құжаттарды сандық сипаттамаға көшіру процесі қарқынды жүріп, зерттеушілерге мол мүмкіндік туары сөзсіз.

Қоғам өмірінде зор ақпараты бар құжаттардың үлкен жиынтығын сақтайтын архив мекемелері қызметтерінің автоматтандырылуында жаңа технологиялардың пайда болуы қазіргі кезде іске асырылған қызметтерге қарағанда жоғары сапалы қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚР Президентінің 1997 жылғы халыққа Жолдауы: «Қазақстан – 2030».
- 2 Президент Жарлығы, 1997 жыл, 9-желтоқсан. № 3787 // САПП РК.— 1997. — № 52. — 476-бет
- 3 Нұрғалиев Б. Архивтердің міндеттері ауқымды: сала заңнамасы / Б. Нұрғалиев, Қ. Уалиев // Қазақстан архивтері. — 2018. — № 2(46). — Б. 4–5.
- 4 Матаев Д. Азаматтардың электрондық жүйеге деген сұранысы жоғары / Д. Матаев [Электронды дерек]. Қолжетімділік тәртібі: <http://turkystan.kz/article/61494-daniyar-m-ataev-azamattardy-elektrondy-zh-jege-degen-s-ranysy-zho-ary>.
- 5 Исахан Ғ. Тәуелсіз ел тарихының сүйенері-мұрағат / Ғ. Исахан // Қазақстан мұрағаттары. — 2012. — № 1(21). — Б. 15.
- 6 Аққали А. Мұрағаттардағы құжаттарды сақтау / А. Аққали // Қазақстан мұрағаттары. — 2012. — № 1(21). — Б. 25.
- 7 Бірімқұлова Н.З. Мұрағат ісі саласындағы нормативтік-құқықтық актілер, ғылыми-әдістемелік құжаттар жинағы (2001–2009) / Н.З. Бірімқұлова, М.Қ. Ыдырысов. — Алматы, 2009. — 338 б.

Г.У. Ахметшина, М.А. Алпысбес

Переход Национального архивного фонда Республики Казахстан на цифровой формат

Переход Национального архивного фонда Республики Казахстан на цифровой формат и оказание услуг является одной из актуальных инициатив в модернизации работы современных архивов. Идея создания цифрового аналога национальных архивных фондов в цифровом формате возникла не сегодня. По инициативе Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева с начала реализации программы «Электронное правительство» с 2004 г. в нашей стране осуществляется организация системы электронного архива. В статье подробно охарактеризован переход национальных архивных фондов Республики Казахстан на цифровой стандарт и подчеркнута важность системы электронного архива. В этой связи речь будет идти и о работе проекта «Цифровой Казахстан», направленного на развитие процесса обслуживания населения. В заключение авторы не сомневаются в том, что переход архивов к цифровому описанию, применение новых технологий придаст новый импульс развитию архивной работы.

Ключевые слова: национальный архив, цифровизация, электронное правительство, цифровой Казахстан, архивные фонды.

G.U. Akhmetshina, M.A. Alpysbes

The transition of the national archival funds of the Republic of Kazakhstan to digital characteristics

The transition of the National Archival Fund of the Republic of Kazakhstan to digitalization is one of the topical initiatives in the modernization of archives. The idea of copying national archival funds to digital descriptions did not appear today. On the initiative of the President of the Republic of Kazakhstan Nazarbayev, since the beginning of the implementation of the «Electronic Government» program in 2004, an electronic archive system has also been organized in our country. In the article, the author described in detail the course of the transition of the national archival funds of the Republic of Kazakhstan to digital characterization and underlines the importance of the electronic archive system. In this regard, we will talk about the work of the project «Digital Kazakhstan», aimed at developing the public service process. In conclusion, the author has no doubt that the transition of archives to digital description, the use of new technologies will give new impetus to the development of archival work.

Keywords: National Archive, digital characteristics, Electronic government, Digital Kazakhstan, archival funds.

References

- 1 QR Prezidentining 1997 zhylgy halyqqa zholdauy: «Qazaqstan–2030» [Message of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of 1997: «Kazakhstan–2030»] [in Kazakh].
- 2 Prezident Gharlygy, 1997 zhul, 9 zheltoqsan. № 3787 [Presidential Decree of December 9, 1997] *SAPP RK — Collection of acts of the President and Government of the Republic of Kazakhstan*, 52, 476 [in Kazakh].
- 3 Nurgaliev, B., Ualiev, Q. (2018). Arkhivterding mindetteri aukymdy: sala zangnamasy [The tasks of the archives are wide: the legislation of the industry]. *Qazaqstan Arkhivteri — Archives of Kazakhstan*, 2(46) [in Kazakh].
- 4 Mataev, D. Azamattardyng elektrondyq zhuiege dehen suranysy zhogary [Citizens have a high demand for electronic systems]. *turkystan.kz* Retrieved from <http://turkystan.kz/article/61494-daniyar-m-ataev-azamattardy-elektrondy-zh-jege-degen-suranysy-zhogary> [in Kazakh].
- 5 Isahan, G. (2012). Tauelsiz el tarihyndyn suieneri- muragat [Archive of the history of an independent country]. *Qazaqstan muragattary — Archives of Kazakhstan*, 1(21) [in Kazakh].
- 6 Aqqali, A. (2012). Muragattardagy quzhattardy saqtau. [Storage of documents in archives]. *Qazaqstan muragattary — Archives of Kazakhstan*, 1(21), 25 [in Kazakh].
- 7 Birimkulova, N.Z., Ydyrysov, M.Q. (2009). Muragat isi salasyndagy normativtik-quqyqtyq aktiler, gulymi-adistemelik qughattar ghinagy (2001–2009) [Collection of regulations, scientific and methodological documents in the field of archives] Almaty [in Kazakh].